

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОЛОГИИ И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ



VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 8 сәуір 2019 жыл

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции

студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 8 апреля 2019 года

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 2-12 April 2019

MATERIALS

International Scientific Conference of
Students and Young Scientists

«FARABI ALEMİ»

Almaty, Kazakhstan, April 8, 2019

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Филология және әлем тілдері факультеті
Факультет филологии и мировых языков
Faculty of Philology and World Languages

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір, 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
атты халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір, 2019 жыл

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года

МАТЕРИАЛЫ
Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, April 2-12, 2019

MATERIALS
International Scientific Conference of
Students and Young Scientists
«FARABI ALEMİ»
Almaty, Kazakhstan, April 2-12, 2019

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

Бас редактор:
филология ғылымдарының докторы, профессор Ө. Әбдіманұлы

Ғылыми редактор:
PhD, доцент м.а. А.М. Досанова

Редакциялық алқа мүшелері:
Бекқожанова Г., Оразбекова И., Оспанова А., Ибраева Д., Сагатбек Е., Төңкер А.,
Несілбай Г.

Студенттер мен жас ғалымдардың «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты халықаралық ғылыми
конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 2019 жыл, 02-12 сәуір. – Алматы:
Қазақ университеті, 2019. – 459 б.

ISBN 978-601-04-3948-1

Ғылыми басылымда студенттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық ғылыми
конференция материалдары енгізілген.

Бұл жинақ ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттерге, магистранттар мен
докторанттарға арналады.

IX СЕКЦИЯ
ЖАС ҒАЛЫМДАР
МОЛОДЫЕ УЧЕНЫЕ
YOUNG SCIENTISTS

| | | |
|--------------------------|--|-----|
| ALIAKBAROVA A. | <i>Linguistic fashion in anteroponymy: fashionable names</i> | 336 |
| КУРМАНБЕК Е. | <i>Языковые предпочтения казахстанской молодежи в сфере образования</i> | 337 |
| SHOYBEK A. | <i>Features of international student's adaptation</i> | 338 |
| АЛДЕНГОЖАЕВА Э.С. | <i>Бейнематериалдар қолдану арқылы студенттердің қызығушылығын арттыру ынталандыру жолдары</i> | 339 |
| ӘБДІҚАДЫР И. | <i>Ренатриант –қазақтардың тілі</i> | 340 |
| ДҮЙСЕНБИЕВ А. | <i>Қазақ тілінің лексикалық норалары және пайдалану мәселелері</i> | 341 |
| ЖАНЖИГИТОВ С. | <i>Самылай кешенді талдау әдісін қолданудың маңызы</i> | 342 |
| MASEKENOVA ZH., | <i>Critical thinking as an indicator of creativity</i> | 343 |
| TURMAGAMBETOVA G. | | 344 |
| SADYRBAEVA Z. | <i>Pragmonic Symbols</i> | 345 |
| DARIBAY P. | <i>Cognitive models of conceptual metaphors in the description of natural catastrophes</i> | 346 |
| ТУЗЕЛЬБАЕВА Д. | <i>Дискурс үгымы, оның зерттеу нысаны және жүзеге асырылуы</i> | 346 |
| УМИРОВА З. | <i>Болон үдерісінің академиялық терминологияға әсері</i> | 347 |
| NAUBAY B. | <i>Competence as a totality knowledge and abilities</i> | 348 |
| МЫРЗАБЕК Б. | <i>Тілдік санағаты менеджмент концептісінің көрінісі</i> | 349 |
| MALSHY M. | <i>Explicit and implicit semantics of proper names in modern mass media</i> | 350 |
| TELGARAYEV K. | <i>American and British variants as the two major varieties of English</i> | 351 |
| СӘБИТҚЫЗЫ А. | <i>Қазіргі әдебиеттандыру өзекті мәселелері</i> | 352 |
| DUSHAeva K. | <i>Problems in implementation of morphological tagging in kazakh language</i> | 353 |
| УТЕМГАЛИЕВА Н. | <i>Академические термины как разряд специальной лексики</i> | 354 |
| MURAT A. | <i>Sociolinguistic factors in the formation of children's multilingualism</i> | 355 |
| ТАТЫЕВА Ж. | <i>Universities identity : revealed linguistic peculiarities of marketing discourse</i> | 356 |
| ОСКЕНБАЕВА А. | <i>Инновационные методы обучения на уроках русской литературы в НИШ</i> | 357 |
| СУЛЕЙМЕНОВА Э. | <i>Социальные и исторические мотивы романа Герольда Бельгера «Туюк Сү»</i> | 358 |
| ЕДРНОВА Н. | <i>The symbolism of the portrait in the Novel by M.Simashko 'Mazdak'</i> | 359 |
| ЗАУРБЕКОВА Л. | <i>Қазақ тіліндегі дәстүрлі стереотиптердің pragmatikasy</i> | 360 |
| КЕҢЕС Б. | <i>Түп төркіні жаңадан қалпына келтірілген сөздер</i> | 360 |
| АХМЕТҚАЛИЕВА А. | <i>Академиялық дискурстарғы код аудистыру</i> | 361 |
| АКИМЕТ А. | <i>Priorities for curriculum update in Kazakhstan</i> | 362 |
| ТАЛДАУБЕК Ә. | <i>Қазіргі қазақ романы</i> | 363 |
| НҰРМҰХАН Ә. | <i>Бейвербалды амалдардың тілдік көрінісі</i> | 364 |
| ИГИЛИКОВА С. | <i>Тарихи сөздік құрастырудың негізі</i> | 365 |
| | | 367 |

| | | |
|-------------------------|---|-----|
| АРЬЯТОВ К. | <i>Образы немцев в казахской прозе XX века</i> | 368 |
| ЖУМАДИЛ А. | <i>Образ учителя в рассказах современных писателей</i> | 369 |
| КУРАЛБАЕВА М. | <i>Организация проектной деятельности учащихся при изучении романа А.С.Пушкина «Евгений Онегин» в 10 классе</i> | 370 |
| ИСАК А. | <i>Функции поэтических средств в стихах Бахыта Каирбекова</i> | 371 |
| ЕСЕТ С. | <i>Московское пространство в лирике Бахыта Кенжесеева</i> | 372 |
| СЕРІКЖАН Т. | <i>Ұлттық поэзиядағы интермәтіндік құрылымдардың автор идеясын айқындаудағы рөлі</i> | 373 |
| САЙЛАУ Ә. | <i>Абай поэмасындағы Ескендір бейнесі</i> | 374 |
| БУРАБАЕВА Ж. | <i>Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «ескіліктің» мәні</i> | 375 |
| ОСПАНАЛЫ М. | <i>Қазіргі қазақ әдебиетіндегі драмалық шығармалар рецензиясы</i> | 376 |
| МҰХТАР М. | <i>Комментарий арқылы оқытудың түрлері</i> | 377 |
| САРГЕЛТАЕВА А. | <i>Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының проблематикасы</i> | 378 |
| ЕРКЕБЕК Ә. | <i>Н.Дәутайұлы әңгімелеріндегі көркем шындық</i> | 379 |
| АМАНБАЙ Қ. | <i>Роза Мұқанова драматургиясы: тартыс сипаты, сахналануы</i> | 379 |
| ДОСАНОВА Н. | <i>С.Мұқановтың «XX гасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеу еңбегі</i> | 380 |
| КЕНЖЕКОЖАЕВА А. | <i>Қазақ тарихи романдарын оқыту әдістемесі</i> | 380 |
| ДӘҮРХАН Ж. | <i>Модернизм және Г.Салықбай</i> | 380 |
| ҚАЙЫҢБАЙ Д. | <i>Қазақтың мистикалық прозасындағы мифологем</i> | 382 |
| ОРАЗХАН Н. | <i>Тынымбай Нұрмагабетовтің «Перзент» әңгімесінің моральдік-әлеуметтік сипаты</i> | 383 |
| СЕРИКОВА Т. | <i>М.Айымбетовтың «Құмалақшы Нұрберді» әңгімесіндегі қазақи таным-түсінік</i> | 384 |
| МҰХАМЕТҚАЛИ А. | <i>Бақытжан Момышұлы шығармашылығын дағы архетиптік белгілер</i> | 385 |
| СЕЙТЕНОВА А. | <i>Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы айлы пейзаж және психологиялық параллелизм</i> | 386 |
| АХМЕТОВА А. | <i>Қазақ әңгімелеріндегі кибер әдебиет жанрының нышандары</i> | 387 |
| АХМЕТОВА Г. | <i>Қазіргі қазақ повестеріндегі фольклорлық сана көрінісі</i> | 388 |
| АХМЕТОВА А. | <i>Көркем концептті әдебиеттануда зерттеудің әдістемелдері</i> | 389 |
| ҚАНАШЕВА Ұ. | <i>Шығарма және шындық</i> | 390 |
| БАЙБОЛАТ Ф. | <i>Өзге ұлт мектептерінде тіл мен әдебиетті кіріктірілген бағдарламамен оқыту</i> | 391 |
| ЕРГЕШ А. | <i>Махмұд Қашқари сөздігіндегі мақал-мәтеддердің көрінісі</i> | 392 |
| ЖУТАЕВА А. | <i>Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністері</i> | 393 |
| НҰРҚАСЫМ А. | <i>Д.Исабеков шығармаларындағы өмір шындығы</i> | 393 |
| DAIRABEKOVA A. | <i>The problems of training geography teachers with transition to the trilingual education</i> | 395 |
| ШУКИЕВА А. | <i>«Қозы Қорпеш-Баян сұлу» нұсқасының өзіндік ерекшелігі</i> | 395 |
| ДАЙРАБЕКОВА Г.К. | <i>М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы әнишлік өнер</i> | 396 |
| ДАУТОВА Г. | <i>Түркі халық эпосындағы әйел образы</i> | 397 |
| СУЛТАН Е. | <i>Александр Затаевич пен Жүсінбек Аймауытовтың шығармашылық байланысы</i> | 398 |
| МЫРЗАБЕК Б. | <i>Тілдік санадағы менеджмент концептісінің көрінісі</i> | 398 |

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ «ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕГІ

Досанова Н.Ж.

Ғылыми жетекшісі: Әбдіманұлы Ә.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Сәбит Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабы – ХХ ғасыр әдебиеті туралы жазылған тұнғыш зерттеу еңбек. Зерттеу 1932 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген. Алашорда өкілдерінің өмір жолы мен шығармашылығы туралы мәліметтерге өте бай кітап баспадан шығысымен-ақ, Кеңес заманының идеологиялық сиына ұшырап, оқуға және қайта басуға тиым салынды.

Сәбит Мұқанов еңбегінде ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тұнғыш рет жүйелі түрде зерттеліп, жаңа дәуір әдебиетінің даму тарихы жан-жақты сараланып, көрнекті шығармашылық тұлғалардың шығармалары түгелдей дерлік қамтылып, қарастырылған.

Сәбит Мұқановтың бұл еңбегі біріншіден, тарихи деректер мен нақты мәліметтер молдығымен, екіншіден, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихын жазуда оның өкілдерін бір жүйеге түсіруімен, үшіншіден, әдебиет өкілдері ғана емес, солар туралы деректердің кімнен, қалай алынғандығы айқын көрсетілуімен, яғни, тарихилығымен құнды. Сонымен қатар кезінде датталған, бүгінде акталған «Алаш» ардагерлері: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Омар Қарашев, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Берніяз Құлеев, Мұхтар Әуезов, Жұсіпбек Аймауытов шығармаларын кеңінен талдауымен де бағалы. Сондай-ақ аса белгілі бола қоймаса да Ахмет Мәметұлы, Кенжеғали Ғабдоллин, Біләл Сүлейұлы, Жұніс Бабатай, Қошке (Қошмұхамбет) Кеменгеровтердің өлеңдерінен мысалдар алып, олардың есімдерін зерттеу еңбекте атап кетуі құптарлық жайт. Ал енді сол жылдары жарық көрген кітаптары «ұлтшыл» бағытта деп танылған Халел Досмұхамедұлы еңбектерін тарихи қажеттілік деп біліп, ой-пікір таластыруы әдеби зерттеуге біршама үлес қосқан Халел Досмұхамедұлы зерттеулерінің мәнін арттыра түседі. Осының бәрі көптеген ақын-жазушылар мен көрнекті қоғам қайраткерлерінің есімінің елге танылуына, себепкөр болып ұлтын сүйген «алашшыл» азamatтар болған екен деген ойтұжырым жасауға жетелейді және олар туралы өзіндік пікір түзуге негіз қалайды. Осы орайда: «ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміз туралы, әсіресе Алаш қозғалысына қатысқандар туралы бұдан басқа қомақты да мол деректі еңбек жазылған емес», – деген ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының ойына қосылmasқа болмайды.

Зерттеу-оқулықтың басты жетістігі ХХ ғасыр басындағы саяси-идеялық, қоғамдық-әлеуметік, рухани-мәдени мәселелерді көтеруде белгілі дәрежеде энциклопедиялық мәнге ие болуында. Ол ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихын тұтас қамтып көрсете алуымен, әдебиет жайлы ғылыми негізде еңбек жазуда алғашқы болып көш бастап, дәстүр қалыптастырумен қашан да қазақ әдебиеттану ғылымындағы өз орнын жоғалтпақ емес.

Қорыта айтқанда, біздіңше Сәбит Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегі – қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес болып қосылған бағалы зерттеу. Қарама-қайшылықты идеялық талас-тартыстар тұсында дүниеге келгеніне қарамастан, онда жаңашыл ойлар, тың пайымдаулар, тұғырлы тұжырымдар өте мол. Бұл – әрі зерттеу әрі оқулық болғандықтан, өз кезеңдегі әдеби-ғылыми ізденіске бағыт-бағдар берген, әдебиет тарихын оқытуда әдістемелік ізденістерге жол ашқан құнды кітап. Сәбит Мұқановтың бұл ғылыми еңбегі қашанда ХХ ғасырдағы әдебиетті зерттеудің басында тұрған алғашқы ізденіс, қазақ әдебиетіне тың керекті де қажет тарихи деректер мен мәліметтердің алтын қоры болып қала бермек. Ол – тарихи кезеңдерді көзімен көріп, бастан өткөрген, ұлы өзгерістер болмысын көкірек сұзгісінен өткізген дәуір куәгері жазған, уақыт шындығына суарылған зерттеу еңбек екендігіне еш күмән болмаса керек